

Б.С. Есенгельдин, А.Төлеуұлы

*Е.А. Бөкетов Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: yessen\_baur@inbox.ru)*

## Қазіргі замандағы электрондық сауданың теориялық даму негіздері

Мақалада электрондық сауданың жалпылама теориялық негіздері қарастырылған. Әлемдік тәжірибе негізінде елдің инновациялық бағытындағы ақпараттық технологиялар саласын дамытуға ерекше мән берілген. Ақпараттық технологиялар нарығының кәсіпкерлікті дамыту мен өркендету мәселесіне сараптамалық талдау жасалған. Авторлар шет елдердегі электрондық сауданың дамыту тәжірибелерін зерттеп, халықаралық ұйымдардың қызметін қарастырған, әртүрлі елдердің авторларының берген анықтамаларын сипаттаған және түсініктемелер берген. «Электрондық сауда» ұғымы үш бағытта зерттелген: қызмет, мәмілелердің жиынтығы және технологиялық категория түрінде. Электрондық сауда сатушылар мен сатып алушылар арасындағы тауарлар мен қызметтерді өткізуге бағытталған ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүргізілетіндігі дәлелденген. Электрондық сауданы жүргізу барысында қолданылатын мәмілелердің жиынтығы топтастырылған. Электронды құжатпен алмасу, электронды капиталдың қозғалысы, электрондық ақша, электрондық маркетинг, электрондық банкинг және электронды сақтандыру қызметтерін жүзеге асырудағы электрондық сауданың мәні ашылған. Электрондық сауда тұжырымдамасының даму тарихы қарастырылған. Сонымен қатар авторлар Қазақстан Республикасындағы электронды сауданың даму кезеңдеріне қысқаша шолу жасап, электрондық коммерция орталығының негізгі қызмет бағыттарына тоқталған. Сонымен қатар электрондық сауда саласында қалыптасқан кемшіліктер мен артықшылықтардың шарттары мен ұйымдастырылу тетіктері жан-жақты сараланған.

*Кілт сөздер:* электрондық сауда, интернет, электрондық үкімет, электрондық бизнес, web-технологиялар, ақпараттық технологиялар.

Қазіргі кезде әлемдік экономиканың дамуында жаңа экономиканың негізі қаланып келе жатыр, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар арқасында базалық сала болып табылатын электрондық сауданың пайда болуына әкеліп соқты. Бүгінгі таңда елімізде электрондық сауданың заңдық негізі қалыптасуда, алайда көптеген халықаралық ресми құжаттарда бұрыннан қолданылып келеді.

Отандық экономикада электрондық сауданың дамуына 2017 жылғы 31 қаңтар айында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы себеп болды. Онда Елбасы: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл — маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған орай Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын», — делінді [1].

Әрине, цифрлық индустрияны дамыту барлық салаларға, әсіресе электрондық сауданың дамуына серпін береді. Сондықтан Қазақстан Республикасының Үкіметі ақпараттық технологиялар саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауы тиіс.

«Электрондық сауда» ұғымының теориялық дамуы көптеген пікірталастар туғызады. Оны, зерттеуші-ғалымдардың айтуы бойынша, «электрондық сауда» түсінігін бірінші ретте бірегейлі ұғымға айналдыруымыз керек.

Ресейлік экономист-ғалым О.А. Кобелеваның көзқарасы бойынша, электрондық сауда түсінігі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырып, коммерциялық операциялардың электрондық құралдарын пайдалана отырып, деректерімен алмасу. Жаңа ақпараттық технологияларды жасауда коммерциялық операциялар және өндірістік басқару үдерісінде электрондық құралдарды қолдана отырып, деректермен алмасу электрондық коммерция негізінде жатыр [2].

Бұл ұғымға неғұрлым толық анықтама берген А.В. Юрасов: «Электрондық сауда дегеніміз — экономика саласының бір бөлігі, ол өзіне барлық қаржылық және саудалық транзакцияларын қоса отырып, компьютерлік желілердің көмегі арқылы бизнес үдерістерді жүргізуге бағытталған» [3].

О.Д. Скибаның айтуы бойынша, электрондық сауда ұғымы ағылшын тілінің сөзбе-сөз аудармасы «Electronic Commerce» сөз тіркесінен құралған және бұл ұғымды 1993 жылдан бастап бұқаралық ақпарат құралдарында қолдана бастаған, одан кейін кәсіби әдебиеттерде экономикалық қызмет ретінде жазыла бастады [4].

Негізі электрондық сауда жайлы көптеген пікірлер бар, айталық, бұл ұғым алғаш рет XX ғасырдың 60-шы жылдарында қолданысқа ие болған. Бұл кезде көптеген үлкен ұйымдар бір-бірімен электрондық транзакцияларды айырбастау технологиялық мәліметтерімен (Electronic Data Interchange), ал банктер болса, электрондық ақша қаражаттарын аударғанда қолданған (Electronic Funds Transfer). Алайда бұл ұғым «electronic commerce» ретінде заңдық құжаттарда 1990 жылдары қолданысқа енген [5].

Электрондық сауданы зерттейтін ғалымдардың ғылыми еңбектері және нормативті-құқықтық актілер бұл ұғымды үш бағытта қарастырады, яғни

- қызмет түрі;
- мәмілелердің жиынтығы;
- технологиялық категория ретінде.

Осы бағыттардың мәні мен мазмұны төмендегі кестелерде топтастырылды (1-3 кестелер).

1 - к е с т е

### Электрондық сауданың қызмет түрі ретіндегі ерекшеліктері

Авторлар, дерек көзі	Анықтамалар	Қолданылған мемлекеттер
Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңы	Электрондық сауда — ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет	Қазақстан
АҚШ және Жапонияның өнеркәсіптік және сауда бойынша Кеңестер комиссияларының электрондық сауда бойынша сұрақтардың бірлескен мәлімдемелері	Кәсіпкерлік қызмет, электрондық коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырылады	АҚШ және Жапония
Брагина Л.А.	Кез келген бизнес саласындағы коммерциялық қызмет, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар мен жүйелер көмегімен жүзеге асырылады	Ресей
Франция Республикасының «Сенім туралы сандық экономика туралы» Заңы	Қызмет және тауарларды сатып алуды көздеп растайтын немесе иеленуді ұсынатын электрондық байланыс арналар көмегімен және қашықтық экономикалық қызмет көрсететін тұлға	Франция
Өзбекстан Республикасының «Электрондық сауда туралы» Заңы	Ақпараттық жүйелерді қолдануды қамтамасыз ететін, қызмет көрсететін және жұмыстарды орындайтын, тауарларды сату бойынша кәсіпкерлік қызмет	Өзбекстан

*Ескерту.* Авторлармен [6–10] әдебиеттер негізінде құрастырылған.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген әртүрлі елдерде электрондық саудаға берілген анықтамалар, электрондық сауданы ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, қашықтықтан сауда-саттық операцияларын жүргізетін кәсіпкерлік қызмет түрі екендігін дәлелдейді. Сонымен, электрондық сауда сатушылар мен сатып алушылар арасындағы кері байланыстар негізінде тауарлар мен қызметтерді өткізуге бағытталған ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

## Электрондық сауданың мәмілелердің жиынтығы ретіндегі сипаттамасы

Авторлар, дерек көзі	Сипаттамасы	Қолданылатын мемлекеттер
Үндістанның қаржы министрлігінің салық салу бойынша электрондық сауда баяндамасы, 2001 ж.	Электрондық байланыс құралдар көмегімен шығарылатын акцепт және офертадағы мәміле. Оферта — сатушының сатып алушыға белгілі бір шарттар бойынша тауарлар тобын сататыны туралы жіберген жазбаша ұсынысы. Акцепт — шот арқылы төлеуге берілген ризалық және төлеу қағаздарына риза болып қойылған қол	Үндістан
Ильичев С. К.	Ақпараттық желілілер көмегі арқылы өткізілетін, іскерлік мәмілелердің әртүрлі формалары	Ресей
«Интернеттің салық салудан босатылуы туралы» АҚШ-тың мемлекеттік заңы	Интернет арқылы мүмкіндік ұсына отырып, бұл ұғымды қоса отырып, тегін немесе ақысына келісім бойынша ақпаратты немесе қызметті, тауарларды, мүлікті жеткізуді немесе офертаны, лицензиялауды, жалға беруді, сату-сатып алуды қоса алғанда, Интернетті пайдалана отырып, немесе Интернет арқылы, әртүрлі мәмілелер жасалынады	АҚШ

*Ескерту.* Авторлармен [11-13] әдебиеттер негізінде құрастырылған.

Жоғарыдағы 2-кестеден көріп отырғанымыздай, ақпараттық жүйелер көмегі арқылы электронды саудада сату-сатып алу, оферта және акцепт, тауарлар мен қызметті жеткізу және тағы басқа мәмілелерді жүргізуге болады. Көбінесе электрондық сауда мәмілелердің жиынтығы ретінде көптеген мемлекеттерде Интернет көмегі арқылы өткізілетін сауда-саттық, жалға беру бойынша іскерлік мәмілелер жасалынады.

## Электрондық сауда технологиялық категория ретінде

Авторлар, дерек көзі	Сипаттамасы	Қолданылған мемлекеттер
1	2	3
Жапонияның өнеркәсібі және халықаралық сауда министрлігі	Интернет-технологияларды қолдана отырып, электрондық құралдар көмегімен (тауарлармен алмасу, қызметтермен, ақпаратпен және ақша қаражатын жеткізушілер арасында және тұтынушыларға тауарларды жеткізуін жүзеге асыру мақсатында коммерциялық негіздегі субъектілердің экономикалық қызметін) коммерциялық мәмілелерді өткізу	Жапония
АҚШ үкіметі	Компьютерлік желілерді қолдануда қорытындылау, қызметтер немесе тауарларды қолдану құқығы немесе меншік құқығы бойынша кез келген мәміле. Телекоммуникациялық арна желісі бойынша интерактивті режимдегі ақпараттармен алмасуды жүргізетін, электрондық түрде құрылғыларымен біріктіріле алатын компьютерлік желі ұсынылады	АҚШ

1	2	3
Канада үкіметі	Компьютерлік технологиялар және телекоммуникациялық өзге де мәмілелер арқылы сату және сатып алу кәсіпкерлік қызметін жүргізеді. Мұнда кіретіндер мәмілелер, телефон арқылы қолдану, факс, АВМ, несиелік карта, дебиттік карта, EDI және Интернет	Канада
Францияның өнеркәсібі және қаржы, экономика министрлігі	Электрондық мәліметтермен алмасу бойынша операциялар жиынтығы, қызметтер немесе ақпараттарды берудегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты	Франция

*Ескерту.* Авторлармен [14-17] әдебиеттер негізінде құрастырылған.

Қазіргі уақытқа дейін электрондық саудаға анықтама беру даулы мәселе болып келе жатыр. Бұл ұғымға кең таралған анықтамалар келесідей негізгі құралдардан тұрады: телефон, факс, теледидар, электрондық төлемдердің жүйелері және ақшалай аударымдар, электрондық алмасу деректері (EDI), Интернетті қосқандағы компьютерлік желі.

Электронды құжатпен алмасу, электронды капиталдың қозғалысы, электрондық сауданы, электрондық ақша, электрондық маркетинг, электрондық банкинг және электронды сақтандыру қызметтерінің барлығын электрондық сауда қамтиды.

Электрондық сауда тұжырымдамасының тарихи дамуына назар аударайық. Электрондық сауда тұжырымдамасын жүзеге асырудың бірінші әрекеттері 1950–1960 жж. электронды есептеуіш машина пайда болғаннан бастап ене бастады. 1960 жылдары Американың ең ірі авиакомпаниясы қарапайым халық үшін әуеде ұшуға анағұрлым қолжетімді етіп, American Airlines программистері, өндірушілері және аппаратты жеткізушілермен IBM трансұлттық корпорациясымен бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы SABRE (Semi-Automatic Business Research Environment) әуе рейсіне рәсімделуін резервтеу жүйесін құрды. Автоматтандыру арқасында тарифтердің есептеу үдерісі негізінде орынды резервтеу сияқты қызмет бағасы анағұрлым арзандаған.

1965 жылдың өзінде SABRE, Брайэрклифф Мэнор кеңейтілген деректер орталығында толығымен интерактивті болды, ал туындалған ықтимал қателіктер резервтеу кезінде 1 % аспаған. Ол круиздерді ұйымдастыру және паромдардың иелерін, оншақты теміржол компанияларын, қаншама туристік агенттерді, 35 мың отельдерді, автокөліктерді жалға берушілерді, 50 шақты фирмаларды, 400-дей әуе жолдарын, 3 млн клиенттерді тіркеу, 30 мыңнан астам транспорттық агенттіктерді біріктірді [18].

1970 жылдың орта шеңінде қаржы құралдарының (EFT – Electronic Funds Transfer) электрондық аударымдары және электрондық айырбас деректері (EDI – Electronic Data Interchange) бірінші рет қолданыла бастады. Алғашқы жүйелердің жетіспеушілігі келесідей: бағаның жоғары болуы және аппараттық компоненттері мен бағдарламалардың стандартсыздығы. Тек бірнеше банктер мен ірі кәсіпорындар ғана жабдықтарды сатып алуға бастапқыда айтарлықтай шығындала отырып және жеке желілерді пайдалана алған [19].

Сонымен қатар 1970-ші жж. еуропалық елдерде ұқсас процестер басталды – деректермен алмасуда стандартты шешімдерді іздеу үшін, нәтижесінде халықаралық стандарттар GTDI (General-Purpose Trade Data Interchange Standards) бағдарланған сауда үдерісі жана жүйе пайда болды. Осылайша екі жүйелік стандартты қалыптасқан. Біреуі америкалық, екіншісі еуропалық, осы екі стандарт қозғалысы біріктіріліп, бірнеше ондаған жылдар бойы жалғасын тапты.

1990 жылдары Интернеттің қауырт өсуімен web-технологиялардың пайда болу нәтижесінде Интернет арқылы бизнестің жаңа түрі — бөлшек сауда пайда бола бастады.

1997 жылы тағыда бір стандарт — OBI (Open Buying on the Internet) пайда болды, ұйымдардың ортасында өзара іс-қимылдарды қозғайтын айтарлықтай үлкен мәселелердің барлығын стандарттайтын, ашық жүйеге бағдарланған толық циклді тарта отырып, сатып алу-сату-жеткізу оның басты идеясы болып табылады. Ақырында, 2003 жылы тағы бір формат қалыптасты AS-2, EDI және Интернет бірікті. Ол сандық деректер арқылы хаттама http алмасуға мүмкіндік береді, әдетте web-беттерді (страница) көру үшін пайдаланылады.

Жалпы елімізге келетін болсақ, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үрдісі басталды. Алдымен экономикалық реформалар жүргізілді. Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар республика органдарының экономикалық басқарудағы ролін, орны мен қызметін түбегейлі өзгерту жолдарын қарастырды. Министрліктердің ендігі міндеттері – басқару емес, өнеркәсіптердің техникалық дамуына, салааралық өркендеуіне дұрыс бағдар таңдау жұмыстарымен айналысу.

Қазақстан Республикасының «Электрондық коммерция орталығының» құрылу кезеңдері:

1. 2003 жылы ҚР Үкіметінің Қаулысы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті «Электрондық коммерция орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құрылды.

2. 2007 жылы «Электрондық коммерция орталығы» РМҚК «Самғау» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі құрамына еншілес компания ретінде кірді және «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС болып қайта құрылды.

3. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Орталық электрондық мемлекеттік сатып алу саласында бірыңғай оператор болып анықталды. Сол жылы Орталық құрылған «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі құрамына кірді.

4. 2009 жылы «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС «Қаржылық жүйелерді ақпараттандыру орталығы» ЖШС біріктірілді.

5. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС ақпараттандыру саласында ұлттық оператор мәртебесіне ие болады. Бүгін компания мемлекеттік құрылымдар үшін ақпараттық технологиялар саласындағы ірі масштабты шешімдерді іске асырып келеді.

6. 2013 жылы «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС Ақпараттандыру саласындағы оператор болып құрылды.

7. 2013 жылы «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС республикалық меншікке берілген.

8. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС мемлекеттік қатысу үлесіне иелік ету және пайдалану құқықтарын қабылдады.

9. 2016 жылы «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС — Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (ҚМ 100%). «Электрондық коммерция орталығы» ЖШС «Электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды анықтау туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 243 бұйрығына сәйкес Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор болып қалыптасты.

10. 2017 жылы «Электрондық коммерция орталығы» АҚ болып құрылды.

Электрондық коммерция орталығының негізгі қызмет бағыттары:

- электрондық мемлекеттік сатып алу ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік сатып алу саласында бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді дайындау, енгізу және сүйемелдеу;
- қаржылық ақпараттық жүйелер және қорлар бойынша ҚР «Электрондық үкімет» инфрақұрылымы жобалық интеграторының қызметтерін орындау;
- қаржылық ақпараттық жүйелер және қорлар бойынша ҚР «Электрондық үкіметін» қалыптастыру кезінде жобаларды басқару және техникалық сүйемелдеу;
- электрондық мемлекеттік сатып алу бойынша оқытуды ұйымдастыру, семинарлар, тренингтер және конференциялар өткізу болып табылады [20].

Электрондық сауда — ақпараттық желі көмегі арқылы жасалатын іскерлік келісімнің қандай да бір формасы. Яғни бұған мысалдар көп, банк карточкасы арқылы сауда жасау, онлайн-дүкен аралау, электронды сақтандыру, электронды мемлекеттік сатып алу, қарапайым тілде айтсақ, сатып алу, сату, қызмет көрсету компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып, маркетингтік шаралар өткізу мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Электрондық коммерция жүйесі қайда бағытталса, сол электрондық коммерцияның басты нысаны болып табылады. Олардың қатарына тауар, қызмет және ақпаратты жатқызуға болады.

Қорытындылай келе, электрондық сауда-саттықтың елдің экономикасына алып келетін артықшылықтары мен маңызы зор екендігі айқын. Ол тұлғалардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жұмыс күшін азайтады және шығындардың азаюына мүмкіндік береді. Ал, тұтынушылар, біріншіден, уақытын үнемдейді, екіншіден, ақшасын үнемдеп, кезек күтуден құтылады, тәулік бойы қызмет көрсетуге қолжеткізе алады. Экономикада электрондық сауданың үлесін арттыруымыз керек,

демек, көлеңкелі экономиканың үлесі азаятынын көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Себебі мұнда барлық операциялар жариялы түрде жасалып, саудагерлер салықтан жалтарудың түрлі амалдарын қарастыра алмайды және азаматтарын виртуалды сауаттылығын арттыра түседі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz>.
- 2 Кобелева О.А. Электронная коммерция: учеб. пос. / О.А. Кобелева; под ред. проф. С.В. Пирогова. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и Ко», 2006. — С. 14.
- 3 Юрасов А.В. Основы электронной коммерции: учеб. пос. / А.В. Юрасов. — М.: Горячая линия-Телеком, 2007.
- 4 Скиба О.Д. Правовое регулирование электронной коммерции в международном праве / О.Д. Скиба // Молодой ученый. — 2014. — № 11.1. — С. 58–62. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/70/12019/> (дата обращения: 26.01.2018).
- 5 Васильева Н.М. Электронная коммерция как правовая категория / Н.М. Васильева. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://ecommercelaw.ru/elektronnaya-kommerciya-kak-pravovaya-kategoriya.html>.
- 6 Сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544_).
- 7 Joint Statement on Electronic Commerce, Committees of U. S. — Japan Business Council, Inc. and Japan — U. S. Business Council. 07.1999.
- 8 Электронная коммерция: учеб. пос. / под общ. ред. Л.А. Брагина. — М.: Экономистъ, 2005. — С. 14.
- 9 No. 2004–575 Loi du 21 juin 2004. Loi pour la confiance dans l'économie numérique (1) // JORF от 22.06.2004.
- 10 Закон Республики Узбекистан от 29 апреля 2004 г. N 613-II «Об электронной коммерции» // Собрание законодательства Республики Узбекистан. — 2004. — № 20. — С. 232.
- 11 E-commerce and taxation report by Ministry of Finance of India. 2001. [Electronic resource]. Электронный портал «E-commerce law» Official site Rashmin Sanghvi & Associates. — Access mode: [http://www.rashminsanghvi.com/articles/taxation/electronic\\_commerce/finmin.html](http://www.rashminsanghvi.com/articles/taxation/electronic_commerce/finmin.html).
- 12 Ильичев С.К. Особенности налогообложения в сфере электронной коммерции / С.К. Ильичев. — М.: «Маркет» ДС, 2004. — 188 с.
- 13 Sec. 1104 (3) of the Internet Tax Freedom Act, Public Law 105-277 of October, 21, 1998.
- 14 Towards the Age of the digital Economy — for Rapid Progress in the Japanese Economy and World Economic Growth in the 21st Century. Ministry of International Trade and Industry, Government of Japan. — 1997.
- 15 Measuring Electronic Business Definitions, Underlying Concepts and Measurements Plans. Government of the United States of America. 13.10.1999
- 16 Government of Canada. Electronic Commerce in Canada: Priorities for Action. 1998 // Official site Canadian e-Policy Resource Centre (CePRC) Электронный портал «E-commerce law». [Electronic resource]. — Access mode: <http://www.ic.gc.ca/eic/site/ceprc-ccrcp.nsf/eng/00025.html>.
- 17 Commerce électronique: Une nouvelle donne pour les consommateurs, les entreprises, les citoyens et les pouvoirs publics, Rapport Du Groupe De Travail Preside Par M. Francis Lorentz, Ministère de l'Économie, des Finances et de l'Industrie. — 1998.
- 18 Гофф Л. (Lesley Goff). SABRE идет на взлет / Л.Гофф // Computerworld Россия. — № 43. — М.: Изд-во «Открытые системы», 1999.
- 19 Тутаева Ю.Р. Проблемы и перспективы развития электронной коммерции. [Электронный ресурс] / Ю.Р. Тутаева. — 2012. — Режим доступа: [sdo.rea.ru/cde/conference/1/file.php?fileId=42](http://sdo.rea.ru/cde/conference/1/file.php?fileId=42).
- 20 Электрондық коммерция орталығы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://ecc.kz/company/history>.

Б.С. Есенгельдин, А.Төлеуұлы

## Теоретические основы развития электронной торговли в современных условиях

В данной статье особое внимание уделено развитию информационных технологий в инновационном направлении страны на основе мирового опыта. Авторами проведен экспертный анализ проблем развития предпринимательства и процветания рынка информационных технологий. Показан опыт развития электронной торговли в зарубежных странах, проанализирована деятельность международных организаций, даны определения и комментарии, сделанные авторами различных стран. Концепция электронной торговли определяется как услуга, набор транзакций, в виде технологической категории. Доказано, что электронная коммерция осуществляется с использованием информационных технологий, направленных на продажу товаров и услуг между продавцами и покупателями. Произведена группировка набора транзакций, используемых при электронной торговле. Электронный документооборот, электронное движение капитала, электронные деньги, электронный маркетинг, электронное банковское обслуживание и электронное страхование раскрывают понятие электронной торговли. Рассмотрена концепция и история развития электронной торговли. Кроме того, в статье

представлен краткий обзор тенденций развития электронной коммерции в Республике Казахстан и основное внимание уделено ключевым областям электронной коммерции, а также дифференцированы преимущества и недостатки в области электронной коммерции.

*Ключевые слова:* электронная торговля, интернет, электронное правительство, электронный бизнес, Веб-технологии, информационная технология.

B.S. Yessengeldin, A. Toleuuly

## Theoretical bases of e-commerce developments in modern conditions

Theoretical foundations of electronic commerce are considered in this article. Particular attention is paid to the development of information technologies in the innovative direction of the country on the basis of world experience. An expert analysis of the business development problems and the prosperity of the information technology market was conducted. The article considers the experience of the development of electronic commerce in foreign countries, analyzes the activities of international organizations, describes the definitions and comments given by the authors of various countries. The concept of electronic commerce is defined by three directions: as a service, a set of transactions, in the form of a technological category. It is proved that electronic commerce is carried out using information technologies aimed at selling goods and services between sellers and buyers. The grouping of a set of transactions used for electronic commerce is made. Electronic document management, electronic capital flow, electronic money, e-marketing, e-banking and electronic insurance reveal the concept of electronic commerce. The concept and history of the development of electronic commerce is considered. In addition, the article provides a brief overview of trends in the development of e-commerce in the Republic of Kazakhstan and focuses on key areas of e-commerce. And also the advantages and disadvantages in the field of electronic commerce are differentiated.

*Keywords:* e-commerce, Internet, electronic government, electronic business, web-technologies, informational technologies.

## References

- 1 Memleket basshysy N.Nazarbaevtyñ Kazakstan khalkyna Zholdaıy 2017 zhylyhy 31 kantar «Kazakstannyn yshinshi zhanhyruy: zhahandyk basekehe kabilettilik» [Address of the Head of state Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan January 31, 2017 «The third modernization of Kazakhstan: global competitiveness»]. *akorda.kz*. Retrieved from <http://www.akorda.kz> [in Kazakh].
- 2 Kobeleva, O.A. (2006). *Elektronnaia kommertsiiia [Electronic Commerce]*. S.V. Pirogov (Ed.). (2d ed.). Moscow: Izdatel'skoto-torhovaia korporatsiia «Dashkov i Ko» [in Russian].
- 3 Yurasov, A.V. (2007). *Osnovy elektronnoi kommertsii [The fundamentals of e-commerce]*. Moscow: Horiachaia liniia-Telekom [in Russian].
- 4 Skiba, O.D. (2014). Pravovoe rehulirovanie elektronnoi kommertsii v mezhdunarodnom prave [Legal regulation of electronic commerce in international law]. *Molodoi uchenyi – Young scientist, 11.1*, 58–62. Retrieved from <https://moluch.ru/archive/70/12019/> [in Russian].
- 5 Vasilieva, N.M. Elektronnaia kommertsiiia kak pravovaia katehoriia [Electronic commerce as a legal category [Electronic resource]. *ecommercelaw.ru*. Retrieved from <http://ecommercelaw.ru / elektronnaya-kommerciya-kak-pravovaya-kategoriya.html> [in Russian].
- 6 Sauda kyzmetin retteu turaly Kazakstan Respublikasynyn 2004 zhylyhy 12 sauirdehi № 544 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 12, 2004 N 544 on Regulation of Trade Activity]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544_) [in Kazakh].
- 7 Joint Statement on Electronic Commerce, Committees of U.S. Japan Business Council, Inc. and Japan — U.S. Business Council. 07.1999.
- 8 Bragin, L.A. (Eds.). (2005). *Elektronnaia kommertsiiia [E-Commerce]*. Moscow: Ekonomist [in Russian].
- 9 No. 2004–575 Loi du 21 juin 2004. Loi pour la confiance dans l'économie numérique (1). JORF от 22.06.2004.
- 10 Zakon Respubliki Uzbekistan ot 29 apreliia 2004 h. N 613-II «Ob elektronnoi kommertsii» (2004) [Law of the Republic of Uzbekistan No. 613-II of April 29, 2004 «On electronic commerce»]. *Sobranie zakonodatel'stva Respubliki Uzbekistan – Collection of laws of the Republic of Uzbekistan, No. 20*, 232 [in Russian].
- 11 E-commerce and taxation report by Ministry of Finance of India. 2001. Electronic portal «E-commerce law» Official site Rashmin Sanghvi & Associates. *rashminsanghvi.com*. Retrieved from [http://www.rashminsanghvi.com/articles/taxation/electronic\\_commerce/finmin.html](http://www.rashminsanghvi.com/articles/taxation/electronic_commerce/finmin.html).
- 12 Ilyichev, S.K. (2004). *Osobennosti nalohoblozheniia v sfere elektronnoi kommertsii [The peculiarities of taxation in the field of electronic commerce]*. Moscow: «Market» DS [in Russian].
- 13 Sec. 1104 (3) of the Internet Tax Freedom Act, Public Law 105-277 of October 21, 1998.
- 14 Towards the Age of the digital Economy — for Rapid Progress in the Japanese Economy and World Economic Growth in the 21st Century. Ministry of International Trade and Industry, Government of Japan. 1997.

- 15 Measuring Electronic Business Definitions, Underlying Concepts and Measurements Plans. Government of the United States of America. 13.10.1999
- 16 Government of Canada. Electronic Commerce in Canada: Priorities for Action. (1998). Official site Canadian e-Policy Resource Centre (CePRC). Electronic portal «E-commerce law». *ic.gc.ca*. Retrieved from <http://www.ic.gc.ca/eic/site/ceprc-ccrcp.nsf/eng/00025.html>.
- 17 Commerce électronique: Une nouvelle donne pour les consommateurs, les entreprises, les citoyens et les pouvoirs publics, Rapport Du Groupe De Travail Preside Par M. Francis Lorentz, Ministere de l'Economie, des Finances et de l'Industrie. 1998.
- 18 Goff, L. (1999). SABRE idet na vzlet [SABRE goes on takeoff]. *Computerworld Rossiia – Computerworld Russia*, 43. Moscow: Izdatelstvo «Otkrytye sistemy» [in Russian].
- 19 Tutaeva, Ju.R. (2012). Problemy i perspektivy razvitiia elektronnoi kommertsii [Problems and prospects of development of electronic commerce]. *sdo.rea.ru*. Retrieved from [sdo.rea.ru/cde/conference/1/file.php?fileId=42](http://sdo.rea.ru/cde/conference/1/file.php?fileId=42) [in Russian].
- 20 Elektrondyk kommertsiiia ortalyhy [Electronic Commerce Center]. *ecc.kz*. Retrieved from <https://ecc.kz/company/history> [in Kazakh].